

**Мұнайлы аудандық
білім бөлім басшысы
Б.Демократұлына**

№2 орта мектеп әкімшілігі, Сіздің 05.01.2021ж 01-13-1 хатыңызға сәйкес құқықбұзушылықтың, суицидтің, діни экстремизмнің, ерте жүктілік пен жыныстық тиіспеушіліктің, зорлық-зомбылықтың, діни экстремизм мен жастардың мектеп жасынан жүктіліктің, ерте тұрмыс құрудың алдын алу бойынша жасалған жұмыстардың ақпаратын жолдайды.

Қыркүйек айында «Қазақ қызы қандай болу керек?» тақырыбында 8-11 сыныптар арасында онлайн сынып сағаты өтті. Өткізген: ДТЖО, сынып жетекшілері.

Қазан айында «Ерте жыныстық қатынасқа түсудің зияны» атты тақырыпта онлайн сынып сағаты өтті. Өткізген: сынып жетекшілері.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы жұмыс жоспары мектеп инспекторымен бірігіп жасақталды. Жасақталған жоспар бойынша сынып жетекшілері оқушыларымен онлайн сынып сағаттарын өткізіп жатыр.

16-17.10.2020 күні «Түнгі ауылдағы балалар», «Жасөспірім», «Көше» атты рейдтік іс-шарасы ұйымдастырылды. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын құқықбұзушылықтың, қылмыстың, келеңсіз оқиғалардың, сонымен қатар пандемия кезінде санитарлық талаптарды сақтамай беймезгіл уақытта жүрген жасөспірімдердің рейдтік шарасында мектеп ДТЖО-сы А.Сүгірбаева мен мектеп инспекторы Н.Тәжібаевамен бірігіп жүргізді. Рейд барысында ешқандай келеңсіз жағдайлар тіркелген жоқ.

Қараша айында Г.Қиясованың ұйымдастыруымен «Мен өз құқығымды білемін бе?» атты тақырыпта 9-11 сыныптарға онлайн дебат өтеді. (18.11.20) және «Бала құқығы басты назарда» тақырыбында құқық қорғау органдарының қатысуымен жиналыстар өтеді.

2020/2021 оқу жылына қыркүйек айында ауданнан келген жоспар бойынша жоспар жасақталды. Сынып жетекшілердің анықтауымен мешітке бармай үйден намаз оқитын 2 оқушы анықталды.

Олар:

№	Аты -жөні	Туған жылы, айы, күні	Сыныбы
1	Шихы Абылай	20.03.2005	10а
2	Қожағали Диас	04.09.2003	10ә

Бытырғы оқу жылында намаз оқитын 5 оқушы еді. (3 оқушы 9,10,11 сыныптың оқушылары) жоғарғы оқу орындарына колледждерге түсіп кетуіне байланысты 5 оқушымыздан 2 оқушы қалды.

Жоспар бойынша сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізіп жатыр. «Ислам діні-ұлт тірегі» атты сынып сағаты қыркүйек айында өтті.

Қазан айында «Ар-ұят-иманнан» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қыркүйек айында зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша мектеп инспекторымен бірлескен рейдтік шаралар 1-11 сыныптарға жүргізілді. Жауапты: ДТЖО, тәлімгерлер мен мектеп инспекторы

Қазан айында 7-11 сынып оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында сынып сағаты өтті. Жауапты: сынып жетекшілері.

Қараша айында мектеп оқушыларының өмірге деген құштарлығын арттыру мақсатында «Мен өмірді таңдадым» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына психологиялық сабақ өткізілді. Өткізген: мектеп психологтары: А.Тоқпақова мен Г.Сисенбаева

Желтоқсан айында «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» атты 1-11 сыныптар арасында пікірталас өткізілді. Өткізген: Г.Сисенбаева

Мектеп директоры

М.Қ.Ташов



Келісемін
Мунайлы АІІБ бастығы
полиция подковнині
С.Айдаров
«28» 09 2021жыл

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша
«№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ 2021-2022 оқу жылында арналған іс-шаралар жоспары

№	Орындағытын іс-шаралар	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Сабаққа қатыспай жүрген оқушылардың санын, себебін анықтау, АББ мәлімет түсіру 2.Себебіз сабақтан бас тартып жүрген оқушылардың ата-анасымен жұмыс жүргізу	Бақылау Әңгіме,кездесу, үйіне бару	Күнделікті	ДТЖО, Мектеп инспекторы, 1-11 сынып жетекшілері
2	Кешігушілер мен мектеп формасының киілуін қадағалау.	Қадағалау	Күнделікті	Кезекші әкімшілік
3	Қоғамда кездесетін түрлі келенсіз оқиталардың алдын алу мақсатында мектепке бөгде адамдарды жібермеу	Кезекшілік	Күнделікті	Мектеп инспекторы ДТЖО
4	Қолайсыз отбасылармен жұмыс жүргізу, үнемі бақылауда ұстау	Ата-анамен кездесу	Қажеттілігіне байланысты	Мектеп психологтары
5	Тәрбиеге көнбейтін балалар мен жастарға: 1.Педагогика –психологиялық қолдау көрсету 2.Ата-аналарын жауапкершілікке тарту	Әңгімелер, сауалнамадар, тренингтер.	Қажеттілігіне байланысты	Мектеп психологтары Мектеп инспекторы Ата-аналар комитеті
6	Даулы жағдайларды талдау, ата – аналарға кеңес беру	Әңгімелесу, кеңес	Қажеттілігіне байланысты	Мектеп әкімшілігі, Мектеп психологтары

Бөкітемін
Мектеп директоры
М.К.Ташов
«28» 09 2021жыл

Апта, ай сайын					
7	Оқушылардың күнделіктерін, тазалығын тексеру	Рейд	Дүйсенбі	Тәлімгер	
8	Тәлім сәт	жиналысы	Дүйсенбі, 4 сабақтан соң	ДТЖО	
9	Сынып жетекшілерінің оқушылардың сабақтан калуы бойынша есебі (анықтамалар, түсініктемелер, мәлімдемелер)	Отырыс	Сенбі	1-11 сын. жетекшілері	
10	Жас жол инспекторлары (топты дайындау, аудандық шараларға қатысу)	Сайыс	Әр сенбі	Тәлімгер	
11	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы	Дөнгелек үстел	Әр айдың 2-4 апталары қажеттілігіне байланысты	Кеңес мүшелері	
12	Қаңғастықпен айналысып, сабақтан бас тартып жүрген оқушыларды анықтау мақсатында рейдтік шаралар ұымдастыру	Рейд	Әр айдың 12 ІІБ кестесіне сай	ДТЖО Мектеп психологтары	
Қыркүйек айы					
13	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудандық ІІБ келісілген жоспар жасақтау	Отырыс	10.09.2021ж	ДТЖО Мектеп инспекторы	
14	1. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесін құру, мүшелерін бекіту, міндеттерімен таныстыру 2. Наркобекет құру, мүшелерін бекіту, міндеттерімен таныстыру 3. «Жас полиция көмекшілері» тобын құру	Отырыс	10.09.2021ж	М.Қ.Ташов	
15	«Абайлаңыз, балалар» он күндігі		01.09-10.09.2021ж	Мектеп инспекторы ДТЖО	

38

16	Денсаулыққа зиянды нәрселермен уланудың алдын алу бағытында әнгімелер жүргізу	Сынып сағаты	Сынып жетекшісінің кестесіне сәйкес	5-11 сынып жетекшілері
17	«Мүлдем төзбеушілік» акциясын өткізу. ІІБ қызметкерлерімен кездесу	Кездесу, тренинг	ІІБ кестесіне сәйкес	Мектеп инспекторы
18	1.Намаз оқитын оқушыларды анықтау жұмыстары 2.«Психикалық жағдайда өзін – өзі бағалау» 3.Мектепшілік есепте тұрған балалармен психокоррекциялық жүргізу	Сауалнама	05.09.2021ж- 20.09.2021ж	Мектеп психологтары
19	Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу	Әңгіме	22.09.2021ж	Мектеп- инспекторы
Қазан айы				
20	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қылмыс жасауға бейім оқушыларға ҚҚБАИ, КТБО экскурсия ұйымдастыру	Экскурсия	ІІБ кестесіне сәйкес	Мектеп инспекторы
21	«Мен сенің инспекторыңмын» тақырыбында акция	Акция	ІІБ кестесіне сәйкес	Мектеп инспекторы
22	Діни экстремизмнің алдын алу туралы бейнебаян көрсету (Адаскандар)	Көрсетілім	20.10.2021 дейін	Дінтану пәні мұғалімі
23	«Ерекше назардағы» оқушыларға «Делинквентті мінез-құлық түрлерін анықтау» тестін өткізу темпераментін анықтау	Тест	Жоспарға сәйкес	Мектеп психологтары
Қараша айы				
24	Оқушылар жиналысы «Сен өз құқығыңды білесіңбе?»	Сұхбат	Жоспарға сәйкес	Мектеп инспекторы
25	«Ерекше назардағы оқушылардың» ата-аналарымен жұмыс	Тренинг	Жоспарға сәйкес	Құқық пәні мұғалімі Мектеп психологтары

26	«Тұлғаның мінез ерекшелігін жедел диагностикалау әдістемесі»	Айзектесті	Жоспарға сәйкес	Мектеп психологтары
27	Діни экстремизмнің алдын алу туралы бейнебаян көрсету «Джихад деген не?»	Көрсетілім	25.11. дейін	Дінтану пәні мұғалімі
Желтоқсан айы				
28	10 желтоқсан – Адам құқығын қорғау күні «Құқық әлемінде» (9-11 сынып)	Іс-шаралар, сынып сағаттар	10.12. дейін	Құқық пәні мұғалімі Сынып жетекшілер
29	Жастарды қылмысқа не итермелейді?	Дөңгелек үстел	15.12. дейін	Құқық, тарих пәндерінің мұғалімі
30	Жаңа-жыл мерекесін ұйымдастыру бағытында әңгіме жүргізу (пиротехникаларға бұйымдарға тыйым салу)	Әңгіме	25.12. дейін	Мектеп инспекторы ДТЖО
Қаңтар айы				
31	«Тәртіп және біз» тақырыбында ақпараттық жұмыс	Әңгіме	12.01.2022	Мектеп инспекторы
32	Оқушылар жиналысы, «Сен өз құқығыңды білесіңбе?» дәріс сабақ (9-11 сыныптарға арналған)	Дәріс сабақ	26.01.2022	Құқық пәні мұғалімі
33	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» ІІБ қызметкерлерімен кездесу	Кездесу	Кестеге сай	Мектеп әкімшілігі
34	Зорлық – зомбылықсыз бақытты балалық шақ	Сынып сағаттары	Жоспарға сәйкес	1-11 сынып жетекшілері
Ақпан айы				
35	«Түнгі ауладағы балалар» атты профилактикалық рейдке қатысу	Рейд	Кестеге сәйкес	Мектеп инспекторы Дене пәні мұғалімі
36	«Заң дегеніміз не?» Әр адам білуге құқылы	Әңгіме	ІІБ Жоспарына сәйкес	Мектеп инспекторы Құқық пәні мұғалімі

37	Денсаулыққа зиянды нәрселермен уланудың алдын алу бағытында әнгімелер жүргізу	Дәріс сабақ	10-20.02 аралығы	Мейірбике 1-11 сынып жетекшілері
38	Оқушылардың «Ерекше назардағы» балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорттық шараларға жаппай қатыстыру	Қысқы спорткада жарыстар	Спорт бөлімінің кестесіне сай	Дене пән мұғалімі
Наурыз айы				
39	Өзіне –өзі қол жұмсаудың алдын алу жұмыстары «Психикалық жағдайда өзін –өзі бағалау»	Тренинг, әңгіме	Жоспарға сәйкес	Мектеп психологтары
40	Телефон арқылы жасалған ланкестіктің алдын алу. «Діни экстремизмнің алдын алу, аймақаралық және ұлт аралық төзімділікті насихаттау»	Көрсетілім	09.03-дейін	АЭД пәні мұғалімі
Сәуір айы				
41	Депрессия мен мазасызданудан қалай арылуга болады?	Ағарту жұмысы	6.04.2022ж	Мектеп-психологтары
42	Құқық қорғау ұйымдарының қызыметкерлерімен кездесу	Кездесу	Кестеге сай	Мектеп инспекторы
Мамыр айы				
43	«Сонғы қонырау» Салтанатты жиын (Ақша жинамау, кешкі мезгілде көңіл көтеретін орындарға бармау), саяхатқа шықпау	Әңгіме	20-на дейін	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
44	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің есебі	Жиналыс	20-на дейін	Мектеп инспекторы ДТЖО
45	«Жазғы демалыс кезінде іс- әрекеттер» (тенізде шомылу ережесі)	Сынып сағаттары	Кестеге сәйкес	1-11 сынып жетекшілер

Маусым айы			
46	ҰБТ кезінде тәртіп бұзушылықтын алдын алу	Түсінік жұмыстары	Мектеп инспекторы ДТЖО
47	«Мектеп бітіру» кешін тойлауға шектеу салу	Ата-аналар жиналысы	Мамыр - маусым
			ДТЖО, мектеп инспекторы, 9,11 сынып жетекшілер

ДТЖО



А.Т.Сүгірбаева

**Мұнайлы ауданы білім бөліміні
басшысы Б.Демократұлына**

№2 жалпы білім беретін мектеп, 2020/2021 оқу жылы бойынша құқықбұзушылықтың алдын-алу, оқушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында жүргізілген іс-шара жоспарының ақпараттамасын жолдайды.

Әр ай сайын оқушылардың сабаққа қатысына мектепшілік рейд жүргізілді.

Қаңтар айында «Отбасы және мектеп кеңесі» құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп әкімшілігі мектеп инспекторының қатысуымен ата-аналар жиналысын өткізді .


Ақпан айында 9-11 сыныптар «Жасөспірім және заң» атты сынып сағаттары өткізді.

Наурыз айында 8-11 сынып аралығында мектеп инспекторы Н.Тәжібаева оқушыларға баяндама оқыды.

Мектеп директоры

М.Қ.Ташов

Орындаған: А.Сүгірбаева
Тел:464200



АББ бастығы
Е.Овезовке

10.10.2019жылғы
01-13-1649 хатқа

№2 орта мектеп әкімшілігі, құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытында атқарылған шаралардың анықтамасын жолдайды.

Қыркүйек айында құқықбұзушылықтың алдын-алу бағытында жоспар жасақталды. Мектеп психологтарының көмегімен ерекше назардағы оқушылар анықтау барысында жұмыстары жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында 19.09.2019ж күні сағат: 11.00де мектеп инспекторы: Н.Тажибаева, ДТЖО: А.Сүгірбаева, тәлімгер: Э.Сартаева, мұғалімдер, сынып жетекшілер, 9-11 сынып оқушылары жиналысқа қатысты. Жиналысқа қатысқан: 75 оқушы.

№2 орта мектебінде қыркүйек айының 1-ші аптасында жоспар бойынша құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында жиналыс өткізілді. Жиналыстың басты мақсаты оқушыларды құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін жұмыстармен таныстыру болатын. Мектеп инспекторы: Н.Тажибаева, ДТЖО: А.Сүгірбаева, тәлімгер: Э.Сартаева, К.Дантаева, мұғалімдер, сынып жетекшілер, 9-11 сынып оқушылары жиналысқа қатысты. Жыл басынан бері жұмыс жасап ішкі істер органдарында есепте тұрған кәмелетке жасы толмаған балалар жөнінде айтып өтті және мектеп оқушыларын жаңа оқу жылдарымен құттықтап, оларға мектепте және көшеде жүргенде тәртіпті болу керек екендігін ескертті. Сонымен қатар ҚР құқықбұзушылық баптарымен таныстырып, кешкі беймезгіл уақыт 23:00 ден кейін жасөспірім көшеде жүруіне тыйым салынатынын ерекше атап өтті. Жиналыс соңында төмендегідей қорытынды жасалды: - Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп инспекторымен тығыз байланыс жасай отырып, профилактикалық шаралар ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына және мектеп психологтарына тапсырылды.

№2 орта мектепте 2019/2020 оқу жылында ұсақ құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында іс-шаралар жоспарлы түрде жүргізілді. Әр айдың екінші аптасында мектеп инспекторы, мектеп психологтары, тәлімгерлерімен ұйымдасып оқушылардың сабаққа қатысына және оқу құралдарына, формаларына, мектептегі ішкі, сыртқы тәртіптеріне рейд жүргізді. Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері бірлесе отырып, әлсіздерге күш көрсетіп, ақша

талап ететін оқушыларды анықтау мақсатында тоқсанына бір рет оқушылармен ашық әңгімелеседі. Мектеп инспекторы оқушыларды сырттай бақылауға алып, алдын-алу шараларын жүргізеді

Қараша айында «Мен және менің құқығым» атты сынып сағаты 5-10 сыныптар арасында өтті.

Мектеп директоры

Ө.Б.Тағанияз

Келісемін
Мұнайлы АПБ бастығы
полиция полковнигі
_____ Р.М.Куандыков
«_____» _____ 2019 ж

Бекітемін
Мектеп директоры
_____ Ө.Тағаняз
«_____» _____ 2019ж

**2019-2020 оқу жылы бойынша құқықбұзушылықтың алдын-алу,
оқушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау жөніндегі «№2
жалпы білім беру орта мектебі» ММ-сі және мұнайлы аудандық ІІБ-ның
инспекторларымен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Әдісі мен түрлері	Уақыты	Сыныбы	Жауапты
1	Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жылдық жоспар жасақтау	Жиналыс	Қыркүйек	5-11	ДТЖО, мектеп инспекторы, сынып жетекшілері
2	2019-2020 оқу жылындағы мектептегі «Ерекше назардағы» оқушыларды анықтап есепке алу.	Сараптама	Әр ай сайын	1-11	ДТЖО, мектеп психологтары, мектеп инспекторы
3	Оқушылардың сабаққа қатысымен мектеп ережелерінің сақталуы	рейд	Әр ай сайын	1-11	ДТЖО, сынып жетекшілері, мектеп инспекторы
4	«Мен және менің құқығым»	Сынып сағаты	Қараша	5-10	ДТЖО, сынып жетекшілері
5	Отбасы, құқық және жастар	Баяндама	Желтоқсан	8-10	ДТЖО, мектеп инспекторы
6	«Отбасы және мектеп кеңесі» құқықбұзушылықтың алдын-алу.	Ата-аналармен жиналыс	Қаңтар	8-10	ДТЖО, мектеп инспекторы
7	«Жасөспірім және заң»	Сынып сағаты	Ақпан	8-9	ДТЖО, құқық негіздері пәнінің мұғалімі

8	«Сен және сенің құқығың»	Баяндама	Наурыз	5-7	ДТЖО, сынып жетекшілері, мектеп инспекторы
9	«Ақиқат – әділеттің ақ жолы»	Сынып сағаты	Сәуір	5-9	ДТЖО, мектеп инспекторы, сынып жетекшілері
10	Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілген жұмыстарды қорытындылау.	Сараптама	Мамыр		ДТЖО, мектеп инспекторы, сынып жетекшілері

Жоспарды жасақтаған:

Мектеп инспекторы

А.Сүгірбаева

Н.Тажимаева

«№2 жалпы білім беру орта мектебі» КММ Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен зорлық - зомбылықтың, қатыгездіктің, қоқаң-лоқы көрсетудің алдын-алу мақсатындағы өткізілген жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Уақыты: 22.04.21ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп инспекторы Н.Тәжібаева
2. Мектеп директоры М.Ташов
3. ДТЖО, педагог-психолог және 8-11 сынып оқушылары.

Күн тәртібіндегі мәселе:

- 1) Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, қоқаң-лоқы көрсетудің алдын-алу;

Тыңдалды:

Мектеп инспекторы полиция аға лейтенанты Н.Тәжібаева оқушыларға құқықбұзушылық бойынша қандай істер жүргізіліп жатқанын және де Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған кәмелет жасқа толмаған балалар саны-45, білім беру ұйымдары бойынша есепте тұрған оқушылар саны – 13 екенін айтып өтті. ҚР АҚБтК-нің 442-бап, 1 бөлімі бойынша сағат 22.00 ден кейін ойын-сауық, кафе-бар клубтарда және 442-бап, 2 бөлімі бойынша түнгі 23.00 ден кейін ата-анасының қарауынсыз жүрсе, 127-бап бойынша сабаққа себепсіз келмесе, 435-бап бойынша жас өспірімдер арасында құқықбұзушылық туралы, насыбай, темекі, шылым шексе әкімшілік хаттама толтырылатындығы туралы түсіндіріп кетті.

ДТЖО А.Сүгірбаева Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, қоқаң-лоқы көрсетудің алдын-алу мақсатында оқушыларға бос уақытын тиімді өткізу керек екенін, сонымен қатар қоғамдық істермен айналысып спорттық үйірмелерге қатысу керектігін айтты. Еліміздің болашағы жастардың қолында екендігін ескертті.

өз орнын таба білу жолдарын көрсете отырып, оларға зор сенім білдіретінін айтты.

Шешім

1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, қоқаң-лоқы көрсетудің алдын-алу және болдырмау мақсатында одан әрі атқарылып жатқан жұмыстар жандандылырсын.
2. Кәмелет жасқа толмаған балалардың кешкі уақытта өз отбасылармен өткізу екендігі ескертілсін.
3. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын өткізіп, оларға барлық жауапкершілік жұмыстарын қадағалап тапсырсын.

Жиналыс төрағасы

Ө.Б.Тағанияз

Хатшы:

А.Сүгірбаева

**Мұнайлы ауданы, «№ 2 жалпы білім беру мектебі» ММ-сінде
құқықбұзушылықтың алдын-алу жиналысының хаттамасы**

19.09.2019ж күні

Қатысқандар:

АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция аға лейтенанты Н.Тәжібаева

ДТЖО: А.Сүгірбаева

Сынып жетекшілер, 9-10 сынып оқушылары

Күн тәртібі:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу.

Тыңдалды:

АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция аға лейтенанты Н.Тәжібаева жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын-алу бағытында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын-алу және заңға сәйкес мінез-құлықтарын қалыптастыру мақсатында кәмелетке толмағандардың арасындағы тәртіпсіздік, ұрлық, ұсақ құқықбұзушылықтар орын алып бара жатқанын айтты. Осы мәселенің алдын-алу мақсатында көптеген құқық қорғау қызметкерлерінің жұмыстанып жатқандығын айтты. Сонымен қатар, мектеп қабырғасында көбінесе кездесетін ҚРӘҚБтК-нің кодексінің әр түрлі баптары бойынша айтып өтті. Яғни, ҚРӘҚБтК-нің 127-бап Ата-анасының басқа да заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған балалардың тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамауы: 434-бап ұсақ бұзақылық, 442-бап кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуы, 435-бап кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық, 448-бап 16-жасқа дейінгі кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер жасаған вандализмі бойынша жеке-жеке баптарға тоқталып түсіндіріп өтті. Оқушыларға мереке күндерінде әр түрлі ағымдағы азғырушылықтарға ермей, ата-аналарының кеңестерін тыңдап, отбасыларымен бірге болуларын сөз етті.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.Сүгірбаева сөзді жалғастырып мектеп оқушыларына мектеп формасын сақтап, сабаққа кешікпей келулерін, сабақтан себепсіз қалмауға, қалған жағдайда ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын ескертіп, мектеп қабырғасында жүргенде мектеп тәртібін сақтап, мектеп заңдылықтарына бағынуды ескертіп айта кетті. Мектеп оқушыларына ата-аналарының берген ақыл-кеңестерін ескеріп, сабақ үлгерімдерін жақсартуға, сапалы білімнің жоғары деңгейде алу керек екендігін айтты.

Шешім:

1. Мектеп оқушыларының құқықбұзушылыққа, келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында ДТЖО мен мектеп инспекторына тәртіпсіздіктің алдын-алу шаралары өткізу міндеттелсін.
2. Мектеп тәртібін сақтау, талаптарына бағыну сынып жетекшілерімен ата-аналарына жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

А.Сүгірбаева

Э.Сартаева

**Мұнайлы ауданы, «№ 2 жалпы білім беру мектебі» ММ-сінде
«Әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын-алу» жиналысының
хаттамасы**

10.10.2019ж күні

Қатысқандар:

Мектеп директоры Ө.Тағанаяз

АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция аға лейтенанты Н.Тәжібаева

ДТЖО: А.Сүгірбаева

Сынып жетекшілер, 9-10 сынып оқушылары

Күн тәртібі:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу.
2. Заңсыз қару айналымын бақылау және қарумен болатын қылмыстарды алдын-алу үшін оқушылардың арасында заңсыз сақталған атыс қаруларын болдырмау мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Мектеп инспекторы полиция аға лейтенанты Н.Тәжібаева жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын-алу бағытында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын-алу және заңға сәйкес мінез-құлықтарын қалыптастыру мақсатында кәмелетке толмағандардың арасындағы тәртіпсіздік, ұрлық, ұсақ құқықбұзушылықтар орын алып бара жатқанын айтты. Осы мәселенің алдын-алу мақсатында көптеген құқық қорғау қызметкерлерінің жұмыстанып жатқандығын айтты. Сонымен қатар, сабаққа кешікпеу және мектеп мүлкін ұқыпты ұстауды талап етті. Беймезгіл уақытта көшеде кезіп жүрмеу, себепсізден себепсіз қалмау туралы сөз алды. Кәмелетке толмаған балалар арасындағы қылмыстардың кең жайылғандығы және заңсыз сақталған атыс қаруларын, травматикалық қаруларды және оқ - дәрілерді ерікті түрде тапсыру бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар А.Сүгірбаева сөзді жалғастырып мектеп оқушыларына мектеп формасын сақтап, сабаққа кешікпей келулерін, сабақтан себепсіз қалмауға, қалған жағдайда ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын ескертіп, мектеп қабырғасында жүргенде мектеп тәртібін сақтап, мектеп заңдылықтарына бағынуды ескертіп айта кетті.

Шешім:

1. Мектеп оқушыларының құқықбұзушылыққа, келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында ДТЖО мен мектеп инспекторына тәртіпсіздіктің алдын-алу шаралары өткізу міндеттелсін.
2. Заңсыз қару айналымын бақылау және қарумен болатын қылмыстардың алдын-алу, мектеп оқушыларының арасында заңсыз сақталған атыс қаруларын, травматикалық қаруларды және оқ-дәрілерді ерікті түрде тапсыру бойынша түсінік жұмыстары одан ары қарай жалғастырылсын.
3. Мектеп тәртібін сақтау, талаптарына бағыну сынып жетекшілерімен ата-аналарына жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

А.Сүгірбаева

Э.Сартаева